

Көкпекті ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы

Күшін жойған

Абай облысы Көкпекті аудандық мәслихатының 2024 жылғы 19 наурыздағы № 11-2 шешімі. Абай облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 29 наурызда № 240-18 болып тіркелді. Күші жойылды - Абай облысы Көкпекті аудандық мәслихатының 2026 жылғы 27 сәуірдегі № 43-11/1 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Абай облысы Көкпекті аудандық мәслихатының 27.04.2026 № 43-11/1 шешімімен (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің (Салық кодексі) 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес, Көкпекті аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Көкпекті ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығы мөлшерлемесінің мөлшері салық кезеңінде алынған (алынуға жататын) кірістер бойынша 4 (төрт) пайыздан 2 (екі) пайызға төмендетілсін.

2. Осы шешім 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Аудандық мәслихатының төрағасы

Т. Сарманов